


# Дәстүрлі қазақ мәдениеті

# Қазақ мәдениеті

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің түп тамыры өте тереңде жатыр. Қазақ мәдениетінің қалыптасып дамыған аймағы осы ұлттың бүгінгі мекені, соның тәңірегі. Оның дәлелі археологиялық, палеоэтнографиялық деректер. Біздің жерімізде мекендеген андронов тайпаларының қыш құмыраларындағы ою-өрнектер кейінгі қазақтың бау, басқұрларындағы нақыштарға ұқсайды. Андроновтықтардың тастан салған үйлері, шаруашылық құрылыстары, құдықтары кейінгі қазақтың осындай құрылыстарында көрініс тапқан. Одан бергі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының да мәдениеттерінің қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуына әсері аз болмаған. Ерте ортағасырларда бүгінгі Қазақстан жерін және көрші аймақтарды мекендеген таза түркілік этностар және мемлекеттер тұсында бүгінгі қазақ халқы дәстүрлі мәдениетінің, тілінің негізі қалыптасты. Жалпы мәдениетті, әдетте, шартты түрде екіге бөлеміз. Ол материалдық (заттай) және рухани мәдениет. Материалдық мәдениетке ұстап көруге болатын заттық дүниелерді жатқызсақ, рухани мәдениетке көзбен көріп ұстауға келмейтін рухани құндылықтарды жатқызамыз.



- Дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамының материалдық мәдениет саласындағы үлкен бір жетістігі — киіз үй. Киіз үй ағаш, киіз бөліктерінен және баушудан тұрады. Үйдің ағаш саимандары төрт бөліктен: кереге, уық, шаңырақ және есіктен тұрады.
- Кереге — киіз үйдің дөңгелек қабырғасын құрайтын, бірнеше жиналмалы бөліктен тұратын зат. Әрбір жеке бөлігі қанат деп аталады.
- Уық — шаңырақ пен керегенің арасына дәнекер болып тұратын иінді шыбық ағаштар.
- Шаңырақ — киіз үйдің төбесі.





# Ұлттық киімдер



Қазақ халқының ұлттық киімдері.  
Қазақтың ұлттық ою-өрнектері


Қазақ халқының ұлттық киімдерінің көп ғасырлық тарихы бар. Ұлттық киімдер- эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған және көркем жасалған өндірістік немесе қолөнер арқылы өмірге келген көркем туынды.

Қай халықтың болса да тұрмыс-тіршілігіне қажетті әдемі бұйымдар мен заттарды дүниеге әкелген қолөнері.

Ұлттық киім-бай тарихи , мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырдағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан

хабар етеді.

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗ



## БӘЙГЕ

Бәйге – қазақтың ұлттық спорт ойыны. Шабандоздардың ат жарысы. Шабандоздар белгіленген жерге алғашқы болып жету үшін барлық күш-жігерін салып шабады. Жарыс тура және бұрылыстары бар тегіс не дөңгелек бәйге алаңдарда өтеді.



# Ұлттық тағамдар



# ТЫСАУ КЕСУ





**Назарларыңызға  
рахмет!!!**